

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен "Степной леопард" бірлескен кәсіпорны арасындағы контракт және "Степной леопард" бірлескен кәсіпорның құру туралы келісім туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қ А У Л Ы С Й 1995 жылғы 16 тамыз N 1132

"Степной леопард" бірлескен кәсіпорнына қатысуышылдардың қызметі мен құқыларының кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1995 жылғы 17 наурызда "Степной леопард" бірлескен кәсіпорнын құру және қызметі туралы "Казахгаз", "Поиск" мемлекеттік холдинг компаниялары мен "Сноу леопард ресорсес, ЛТД.", "Сноу леопард интернэшнл, ИНК" (Канада) компанияларының арасындағы Келісім және 1995 жылғы 3 наурызда жасалған "Степной леопард" бірлескен кәсіпорнымен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы көмірқышқылсугегін барлау және өндіру контракты мақұлдансын (әрі - қарай Контракт).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, облыстардың әкімдері жасаған Контрактының шарттары бойынша "Степной леопард" бірлескен кәсіпорны құқықтарының сақталуын қамтамасыз етіп, заңда белгіленген тәртіппен қажетті барлық лицензиялармен рұқсат қағаздарын беруге, сондай-ақ, бірлескен кәсіпорынның қызметіне байланысты мәселелерді шешуге көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Геология және жер қойнауын сақтау министрлігіне "Степной леопард" бірлескен кәсіпорнының геологиялық барлау жұмыстары көмірқышқыл сутегін барлау және өндіру іске асырылуы барысында Контракт шарттарының орындалуына бақылау жасау жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министр